



«Бекітемін»

№268 мектеп-лицей директоры
М.Т.Абильдаев

№268 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ ПСИХОЛОГЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Мектеп психологы: М.Түрекешова

2023-2024 оқу жылы

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- әрбір білім алушыға жеке психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде психодиагностикалық қызмет көрсету;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Қыркүйек айында жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының алғашқы аптасында 1-6 сынып оқушыларының психологиялық картасы толтырылып, жинақталды және психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалып, директор мөрімен бекітілді.

[illegible][illegible]

**Психодиагностикалық жұмыстардың
деректер банкі және тізбесі**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ Өнер-
Тәртіп Министрлігі



Қарағанды қаласындағы № 10 мектепке

Психология пәнінің М. Мұқанов

№	Дисциплина, тема	Литература	Ссылки
1	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
2	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
3	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
4	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
5	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
6	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
7	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
8	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
9	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс
10	Изучение метода дифференциальной геометрии	Курс Дирака	Курс

1	1. <u>Политическая деятельность</u>	Д-р. Адрианов	1. <u>Секретариат</u>
2	2. <u>Административная деятельность</u>	Д-р. Адрианов	2. <u>Секретариат</u>
3	3. <u>Научная деятельность</u>	Д-р. Адрианов	3. <u>Секретариат</u>
4	4. <u>Личная жизнь</u>	Д-р. Адрианов	4. <u>Секретариат</u>
5	5. <u>Семейная жизнь</u>	Д-р. Адрианов	5. <u>Секретариат</u>
6	6. <u>Дружба</u>	Д-р. Адрианов	6. <u>Секретариат</u>
7	7. <u>Служба</u>	Д-р. Адрианов	7. <u>Секретариат</u>
8	8. <u>Служба</u>	Д-р. Адрианов	8. <u>Секретариат</u>
9	9. <u>Служба</u>	Д-р. Адрианов	9. <u>Секретариат</u>
10	10. <u>Служба</u>	Д-р. Адрианов	10. <u>Секретариат</u>
11	11. <u>Служба</u>	Д-р. Адрианов	11. <u>Секретариат</u>
12	12. <u>Служба</u>	Д-р. Адрианов	12. <u>Секретариат</u>

Жыл бойы 1-6 сынып оқушыларына жүргізілетін зерттеу жұмыстарына ата-аналардан рұқсат парағы алынды.



Қыркүйек айының ортаңғы аптасында психодиагностикалық бағытта 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында **«Менің сыныбым» проективті әдістемесі** алынды. Әдістемеге барлығы 154 оқушы қатысты.

Бұл әдістеме арқылы сыныптағы конфликтілік, қарым-қатынас және ынтымақтастық жағдайларды анықтаймыз.

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың орта буынға қалыптасу деңгейі, сыныптағы оқушылармен, пән мұғалімдерімен қарым-қатынастары қалыптты деңгейде екендігі анықталды. Дегенмен оқушылар арасында кобалжу деңгейлері анықталған оқушыларға жеке кеңестер берілді.

Бесінші сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуінің психологиялық дайындығын анықтау, оқушыларға психологиялық көмек көрсету мақсатында арнайы әзірленген бағдарламаға сәйкес **«Бірінші рет 5 сыныпқа»** тақырыбында түзету-дамыту сабақтары өткізілді.



Оқушының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында 1-сынып оқушыларынан **«Керн-Йирасек» тесті**: 1.Адамның суретін салу.2.Сөздер көшірмесі.3.Нүктелер көшірмесі әдістемесі алынды.

Бірінші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделу кезіндегі қиындықтарын диагностикалау,қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу,ата-аналар мен мұғалімдерді ақпараттандыру,дамыту жаттығуларын жүргізу,психологиялық дайындығын анықтау, оқушыларға психологиялық көмек көрсету мақсатында арнайы әзірленген бағдарламаға сәйкес **«Кел, танысайық!»** тақырыбында түзету-дамыту сабақтары өткізілді.



2023-2024 оқу жылындағы денсаулығына байланысты ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылар тізімі жасалып,психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытынды құжаттары жинақталды және арнайы психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының жоспары құрылды.

[illegible]


№	Описанием ата-көні	Сыныбы	Дирекция	ПМПК көрсеткіші және № мерзімі	Мекен бұйрығы, №	Оқыту бағдарламасы
1	Қазақстан Республикасы	4-А	ЖП	№17	№117	Жалпы білім бағдарламасы мәтіндік оқыту бағдарламасы ағылшын тілінде оқыту бағдарламасы
2	Шығармашылық	5-А	Дирекция дирекциясының IV сатысы (жылдамдық мен көлемділік)	№413	№117	Жалпы білім бағдарламасы мен оқыту
3	Түркістан Республикасы	3-А	Дирекциясының төрағасы	№262	-	Дирекциясының төрағасы мен оқыту

[illegible]

Қазан айында жүргізілген жұмыстар

Қазан айында жасөспірімдердің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша 5-6 сынып оқушыларынан НСВ-10 тесті алынды. 5-6 сыныптар бойынша барлығы 293 оқушы бар, тестке қатысқаны 286 оқушы, 5 оқушы ата-ана қарсылығымен, 2 оқушы - үйден оқытылуына байланысты қатыспады. Зерттеу нәтижесі өңделді. Нәтижесінде 2 оқушы психологиялық қолдау тобына алынып, ары қарай жұмыс жасауға жеке жоспар құрылды және арнайы ВОП маманға ата-анасының рұқсатымен қаралды.

Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша алынған НСВ-10 тестінің қорытындысы. 5-6 сыныптар



5-сынып оқушыларына оқи білу, өзінің іс-әрекетін жоспарлай білу қабілетінің дамуына ықпал ету, орта мектептегі оқыту процесінің жаңа ережелерін талқылау мақсатында «Менің мектептегі сезімім» тақырыбында түзету-дамыту сабағы өткізілді.



Жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті) амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара арақатынас жасау мақсатында 6 -сынып оқушыларымен «Пікірталас-жанжал емес» тақырыбында тренинг сабағы өткізілді.



Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары сәтінен



Қолайлы эмоциялық атмосфера құру. Балалардың оқушы мәртебесін ұғыну мақсатында 1-сынып оқушыларымен «Алақай! Мен оқушымын» тақырыбында түзету-дамыту сабағы өткізілді.



4-сынып оқушысының жаңа әлеуметтік статусы туралы түсінігін дамыту;
Өзінің мүмкіндіктеріне және жетістіктерге ұмтылуға деген дұрыс қатынас қалыптастыру;

Басқалармен тату өмір сүрудің қажеттілігін және өзара түсіністіктің маңызды екендігін түсіндіру мақсатында **«Мен өзімді мақтай аламын»** тақырыбында тренинг сабағы өткізілді.



Қараша айында жүргізілген жұмыстар

Қараша айында оқушының психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша 5-сыныптан «Өзіңді мақта» эссе және 6 –сыныптан « Менің армандарым» эссесі алынып, нәтижесі өнделді. Эссе бойынша психологиялық қолдау тобына алынған оқушы жоқ. 5-6 сыныптарда барлығы 293 оқушы, оның 286 оқушысынан эссе алынса, 5 оқушыдан ата-ана қарсылығымен және 2 оқушы үйден оқытылуына байланысты алынған жоқ.

Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша алынған Эссе «Менің армандарым», «Өзіңді мақта» қорытындысы.

5-6 сыныптар



Қараша айының екінші аптасында 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты **«Мен өзімді мақтай аламын»** тақырыбында психологиялық түзету-дамыту сабақтары өткізілді.



3-сынып оқушыларымен

- бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту;
- бақылау және өзін-өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды дамыту;
- қарым-қатынастың вербалды және вербальсіз құралдарын дамыту;
- әлеуетті (потенциалды) қауіпті жағдайларды тани білудегі қабілеттерін қалыптастыру;
- әлеуметтік қауіптер жағдайларындағы іс-әрекет амалдары туралы көріністерді дамыту мақсатында **«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»** тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.



Қобалжуды төмендету, топ ішіндегі ұйымшылдыққа жету, өзінің жеке "Менінің" "Біз" ұғымының жалпы бөлімі екенін түсіну мақсатында 1-сыныптарға бейімделуге байланысты «Біздің сынып-бұл біз» тақырыбында тренинг тренинг сабақтары өткізілді.



Желтоқсан айында жүргізілген жұмыстар

Желтоқсан айының алғашқы аптасында 2-3 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтау және дамыту мақсатында «Интеллектуалды даму деңгейін анықтау», «Қысқа мерзімді есте сақтау», «Айырмашылықты тап», «Геометриялық фигуралар», «Сөздерді тап» жаттығулары орындалып, нәтижесінде оқушыларымыздың танымдық қабілеттерінің жоғары екендігін және өз ойларын еркін жеткізетіндігін байқалды.



4 сынып оқушыларына « **Танымдық қабілеттерін дамытуға** » арналған жаттығулар жүргізілді. Жаттығудың мақсаты: Оқушылардың есте сақтауын, логикалық ойлауын, қабылдауын, сөздік қорын және қайта жасау қиялын дамытуына ықпал ету.

Жаттығу барысында «Төрт құбылыс», «10 сөз» әдісі, «Төрт құбылыс», «Мағыналы сөздерді табу», «Көңілді туристер», «Жасырылған сөзер», «Уақытты анықта», «Қайталанбайтын сурет» жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар өз ойларын айта отырып, алған әсерлерімен бөлісті.



1 сынып оқушыларының бейімделуіне қолдау көрсету. Бір-бірін құрметтеуге, сыйлауға, ойын арқылы жақсы қасиеттерді бойына сіңіртіп, жаман қасиеттерден арылуға көмектесу мақсатында «Мектептегі көңіл-күй» тақырыбында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.



- Жасөспірімдердің коммуникативті мәдениетін дамыта отырып, оларға қарым-қатынас жасау тәсілін үйрету.
- Жанжал жағдайларда конструктивті әрекет жасай білуді қалыптастыру мақсатында 5-сынып оқушыларымен «Реніштен арылу» тақырыбында тренинг сабақтары өткізілді.

